Қазақстандағы «Дағдарыстық орталықының Одағы» ЗТБ
Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
Астанадағы Орталығы (ЕҚЫҰ)

«Тұрмыстық зорлық -зомбылықты болдырмау саласында ескерту және толықтай жетілдіру заңнамаларының құқықтық аспектілері»

(2009 жылы 26 ақпанда өткен ғылыми – тәжірбиелік конференцияның материалдары)

Алматы 2009 жыл

УДК 343
ББК 67.404
Т 90

Басылымға жауапты: Байсақова Зүлфия
Аудармашы: Жазықбекова Тоқтархан

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау саласында ескерту және толықтай жетілдіру заңнамаларының құқықтық аспектілері»:
2009 жылы 26 ақпанда өткен ғылыми – тәжірбиелік конференцияның материалдары

Алматы: "Дағдарыстық орталықтар Одағы" ЗТБ, Алматы, soyuzkz@rambler.ru, 2009 - 112 б.

ISBN 9965-9976-3-2

Бұл аталған басылым гендерлік саясатты үгіттеу, әйелдердің құқықтарын бұзумен күресу саласында жұмыс жасайтын мемлекеттік, құқық қорғау құрылымы, үкіметтік емес ұйымдарының, БАҚ-ның және тағы да басқа қызығушылық танытқан адамдарға арналған.

УДК 343
ББК 67.404
Т 90

ISBN 9965-9976-3-2

© "Дағдарыстық орталықтар Одағы" ЗТБ, 2009

Бұл басылым ЕҚЫҰ қолдауымен жүзеге асырылды

Мазмұны

1 Бөлім. Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зомбылықты болдырмаудың құқықтық және саяси аспектілері

Прінбеков М.Ұ.
Әйелдер құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат.....5

Клетцер Ж.
Әйелдер құқығын қорғау саласындағы халықаралық саясат.....6

Сартбаева Д.А.
Қазақстанмен бекітілген халықаралық келісімдерде әйелдерді зомбылықтан қорғау.....8

Калигожина М.С.
Қазақстандағы зомбылықты қақпайлау саласындағы ҚР ІІМ-нің саясаты. Әйелдерді зомбылықтан қорғау саясатының он жылдық қызмет анализі 10

Асанов Ж.К.
Тұрмыстық зомбылықты болдырмау жөніндегі Қазақстан Республикасы Парламентінің заңи әрекеттері 19

Байсақова З.М.
Үкіметтік емес мекемелердің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресінің рөлі 24

2 Бөлім. Тұрмыстық зомбылықты қадағау заңның тәжірбиесі

Бекмағамбетова А.М.
Әйелдердің құқықтарын қорғаудың негізгі механизмі зомбылықтың алдын алу және бұлтартпау болып табылады.....29

Орлова А.Г.
Заң жобасына комментариялар: тұрмыстық зомбылықтың алдын алу саласындағы үкіметтік емес және мемлекеттік органдардың әрекетерінің өзара тиімділіктерін көтермелеу заң жобасына комментариялар 36

Ахметқалиева Н.М.
Дағдарыстық орталық тұрмыстық зомбылыққа ұшырағандарға арнайы көмекті ұсыну ретінде.....38

Мустафина Қ.С.
Зомбылықтан әйелдерді қорғау жөніндегі бөлімшелердің іс-әрекеттері: мәселелері, жолдарды іздестіру және шешу.....42

Конференцияға қатысушылардың ұсыныстары 48

1 Бөлім

Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зомбылықты болдырмаудың құқықтық және саяси аспектілері

Әйелдер құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат

Марат Үсенұлы Прінбеков,
Алматы қаласының Алмалы аудынының әкімі

Елбасы Н.Назарбаев: "Қоғамның даму барысын өмірде – нәзік, көңілде – биік, ал істе – мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес", – дейді. Әйел-ана ұлтымыздың бойындағы бар жақсы қасиеттерді – тілін, ділін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, дамытушы. Ұлан-байтақ ұлы даланы мекендеген қара орман халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің біркелкі болып келуі бұрынғы өткен дана аналарымыздың арқасы. Қазақта әдетте елге келін болып түскен қыз өз елінің барлық жақсы қасиеттерін, рухани-моральдық құндылықтарын өзімен бірге ала келіп, табалдырығын аттаған босағасының игілігіне, қала берді бүкіл бір қауым елге сіңірген. Бұл жақсы үрдіс, ғибратты ғадет бүкіл ұлттың бірлігіне, рухани болмысына игі ықпалын тигізген. Сондықтан да халқымыз қыздарына төрден орын беріп, қонақ деп еркелеткен, парасаттылыққа баулып, еркін өсірген. Ерке қыз, иманды әйел, қасиетті ана солардан шыққан. Қазақ қызы өз үйінде ерке, еркін өскен, ән айтып, айтысқа түскен. Пәрәнжі-сәтір кимеген, сөйте тұра еркіндік пен есерліктің ара жігін ажырата білген парасатты, тапқыр, төзімді, өнерлі болған, тіпті шашын төбесіне түйіп, жауға шапқан батыр қыз да қазақта баршылық. "Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ", – дейді ел Президенті.

Аталған конференция Қазақстандағы дағдарыстық орталықтар Одағымен бірге Алматы қаласының Алмалы ауданының әкімшілігі ұйымдастырды. Іс-шараның өтілуіне Астанадағы ЕҚЫҰ, Әйелдер БҰҰ-ның қаржылай қолдауымен өткізілді. Аталған іс-шараның мақсаты:

- Қоғамдағы зомбылықсыз қатынастар мәдениетін қалыптастыру, гендерлік дискриминацияның барлық формасы және зомбылық-

ты болдырмау және алдын алу мәселелері бойынша азаматтық қоғам және мемлекеттік органдар арасындағы сындарлы байланысты орнату;

- Дағдарыстық орталықтардың басшыларынан және әйелдерді зомбылықтан қорғау бойынша бөлімше инспекторларының шынайы жұмыс жасау мүмкіндіктерін және тәжірбиелі жұмыс нәтижелерін ескере келе, «Тұрмыстық зомбылықты болдырмау және бұлтартпау туралы» Заң жобасына ұсыныстар әзірлеу;
- Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын ликвидациялау туралы Конвенцияға сәйкестендіріле, қоғамдағы гендерлік саясатты жүргізу бойынша азаматтық қоғам мен үкіметтік органдар арасында әріптестік қатынастарды құру және нығайту тәсілдерін анықтау;

Конференция жұмысына заң және орындаушы органдардың, ҚР ішкі істер Министрлігінің, халықаралық ұйымдар, БАҚ өкілдері, әйелдерді зомбылықтан қорғау жөнінідегі бөлімше инспекторлары, Астана және Алматы қалаларындағы, Алматы облысындағы дағдарыстық орталықтардың басшылары қатысады.

Әйелдер құқығын қорғау саласындағы халықаралық саясат

Жаннет Клетцер,
Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығы
Өкілінің орынбасары

Әлем елдерінің көпшілігі қол қойған Еуропалық Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының мыңжылдық декларациясында (2000 ж.) ерлер мен әйелдердің теңдігін көтермелеу, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшінші мыңжылдықтағы адамзат дамуының негізгі мақсаттары ретінде айқындалған.

1998 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына қосылды. ЕҚЫҰ -ның "Әйелдердің саяси құқықтары туралы" және "Тұрмыстық зомбылықпен күресу, болдырмау және алдын алу" конвенциялары да бекітілді. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт пен Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пактіге және басқаларына қол қойылды. Қазақстан адам құқықтары туралы барлығы 60-тан астам халықаралық шартқа қосылды.

Бұл орайда біздің еліміздегі гендерлік теңсіздікті жою барысындағы

бірінші қадам 1995 жылы Елбасының ҚР Президенті жанындағы Отбасы, әйел және демографиялық саясат жөніндегі кеңес құруымен басталды. Араға үш жыл салып, ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия болып құрылған аталмыш ұйым содан бері қарай 1995 жылы Бүкіләлемдік әйелдер форумында қабылданған Пекин платформасы ережелеріне сай еліміздегі гендерлік саясатты дамытуына күш салып келеді.

Гендерлік теңсіздікті жою және әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықпен күресу қауіпсіздікпен қамтамасыз ету саласында ЕҚЫҰ-ның ең бір алғышарттарының бірі болып табылады. Жоғары деңгейде ЕҚЫҰ-ның Стамбулдық кездесуде қабылданған европалық қауіпсіздік Хартиясында келесілер айтылған: «Әйелдердің құқықтарының тең құқылы және толық жүзеге асыруының өзі ЕҚЫҰ аймағындағы әлемнің нығаюйы, дамуына, демкоратияльануында ерекше орын алады. Біз еркектер мен әйелдердің арасындағы теңсіздікті теңдестіруді біздің мемлекетіміздің, сонымен қатар Ұйымның тармағындағы саясаттың бір бөлігі ретінде болуына ықпал етеміз».

Бірақ та қоғамдық өмірдің барлық салаларында әйелдердің тең құқылы болуын және гендерлік теңсіздікті жеңу - өте қиын және ұзақ мерзімді. Бұл жолда тек Қазақстан ғана емес, сонымен қатар ЕҚЫҰ-ға қатысатын көптеген мемлекеттер де кіреді. Бұл мәселені шешу үшін ЕҚЫҰ-ның Тұрақты Кеңесі 2004 жылы «гендерлік теңдікті қолдау бойынша ЕҚЫҰ әрекеттерінің Жоспарын» қабылдады. Аталған Құжатта гендерлік мәселенің және гендерлік жетістіктерді үнемі есепке алу қажеттілігі жайлы сұрақтар қарастырылған. Егер де гендерлік теңдікке қол жеткізгіміз келсе, ЕҚЫҰ-ның және оның институттарының, сонымен қатар ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттерінің барлық іс-шараларында, жобалары мен бағдарламаларында гендерлік аспектілер көтерілуі қажет.

Осы орайда, ЕҚЫҰ әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі қазақстандық биліктің шешімділігін қабылдайды. Жақында ЕҚЫҰ-ның сарапшылары Қазақстандағы әйелдер және отбасылық демократиялық саясат істері жөніндегі Ұлттық Комиссия өкілдерімен, депуттаттарымен өткен кездесуде «Тұрмыстық зомбылықтың алдын алу және керітартпа» және “Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің тең құқылары туралы” Қазақстан Республикасының заң жобаларын талқылады.

Біздің ойымша, осындай конференциялар тұрмыстық зомбылықты болдырмау және күресудің құқықтық аспектілерін, жәбірленушіні қорғау және аталған заңның орындалу тиімділігін кең жағынан қарастырып, талқылауға мүмкіндіктер туатынына ықпал ететіне маңызды деп ойламыз.

2008 жылы Астанада өткен жыл сайынғы ЕҚЫҰ-ның Парламенттік Ассамблеясының 17 резолюциясы әйелдерге қатысты зомбылық мәселесіне арналған болатын және қатысушы – мемлекеттерді отбасындағы зомбылыққа ұшыраған әйелдерді қорғауға арналған заң базаларына қажетті жағдайлар жасауға шақырады. ЕҚЫҰ-ның стандарттар мен халықаралық стандарға жауап беретін заңдарды қабылдау Қазақстанның әйелдердің құқықтарын қорғау жөнінде міндеттерді орындауға мүмкіндіктер беріп отыр.

ЕҚЫҰ орталығы көптеген жылдар бойы үйішілік зомбылыққа және адам саудасымен күресу, әйелдердің құқықтарын қорғау, гендерлік теңсіздікті үгіттеуге бағытталған инициативаларды қолдайды.

2008 жылы ЕҚЫҰ Орталығының қолдауымен 2007 жылғы Қазақстандағы CEDAW Комитетінің ұсыныстарына негізделене отырып, мемлекеттік және ҮЕҰ-ның өкілдерін әйелдердің құқықтарын қорғауда мониторинг жүргізу тәжірбиелеріне оқыту негізінде семинарлар өткізілді; Қазақстандағы әйелдердің құқықтары жөніндегі есеп беру және мониторинг жүргізу жөнінде және «әйелдер мен ерлердің тең құқылы мүмкіндіктері туралы» заң жобасын іске асыру бойынша дөңгелек үстелдер өткізілді.

Біз өз тарапымыздан әйелдердің құқықтарын қорғау саласында мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың арасында бірлестіктердің нығая түскендігіне қуаныштымыз. Айта кететін жайт, Астанадағы ЕҚЫҰ орталығы Қазақстанды қолдауға және үкіметтік емес ұйымдарды әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін жетілдіру саласында түрлі жобаларды қаржыландыруда сенімділік білдіруге болады.

Қазақстанмен бекітілген халықаралық келісімдерде әйелдерді зомбылықтан қорғау

Дамира Асановна Сартбаева,
ТМД-ғы БҰҰ-ның Әйелдер Қорының
Аймақтық директоры

1979 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын жою туралы Конвенцияда әйелдердің құқықтарын қорғау адам құқығын қорғаудың бөлінбес құрамы ретінде қарастырылған. Конвенцияға сәйкес «әйелдерге қатысты дискриминация» деген ұғым адамның саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе басқа да саладағы бостандығы және

әйелдің адам құқықтарын (отбасылық жағдайына қарамастан) пайдалану немесе жүзеге асыру, мойындауды әлсіретуге бағытталған жынысна байланысты шектеу қою, түрлі айырымдарды білдіретінін көрсетеді.

Бұл анықтаудың маңыздылығы, дискриминация ұғымы ерлер мен әйелдердің заңдық теңдігі кезінде ғана емес, сонымен қатар олардың қазіргі шынайы жағдайына байланысты екендігінде.

Қазақстан бұл халықаралық құжатқа 1998 жылы 29 маусымда қол қойған, сонымен қатар осы аталған құжаттың принциптерін қадағалау бойынша өзіне міндеттерді алып отыр.

Сонымен қатар, 2007 жылдан бастап Қазақстан ЮҰҰ мыңжылдықты дамыту мақсатын іске асыру саласындағы қосымша міндеттерді де өзіне алып отыр.

Бұл қосымша міндеттер бюджетті жоспарлау және қалыптастырудағы гендерлік бюджеттеу технологиясына кіріспе жүргізу, әйелдерге қатысты зомбылықты жою, ерлер мен әйелдердің теңдіктерін қамтамасыз ету жөнінде институционалды және заңды шараларды қабылдаумен қамтылады.

Соңғы 10 жыл ішінде елімізде гендерлік теңдікке жету жолында елеулі өзгерістер болды. Сондай істердің бірі Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясының Қаулысын қабылдау болды. Ерлер мен әйелдердің арасындағы теңдік принциптері Қазақстан заңдылығының негізі болып табылады, сонымен қатар ол тең құқылы мүмкіндіктер туралы заң жобасына да маңызды.

Президенттің бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Бұл Комиссия отбасы мүдделерін қорғау, әйелдердің елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне қатысуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатын көздеп отыр. Үкімет сонымен қатар дәстүрлі түрде әйелдерді орны жоғары салаларды да дамытуға көңіл бөліп отыр.

Өйткені, қоғамдағы гендерлік мәдениеттің қалыптасқан мәселелері Қазақстандағы тұрмыстық зомбылық туралы заңды қабылдау қажеттігін туғызды. Жыл сайын республика көлемінде үйішілік зомбылықтан жүздеген әйелдер зардап жегеді. Бұның барлығы осы мәселеге қайта келуіне әкеп соғуда, сонымен қатар осы дағдарыстан шығу және даму кезіндегі елеміздегі адамзат потенциялына көңіл аудару қажеттігі де туындап отырғандығын ескертеді.

БҰҰ Әйелдер Қоры Қазақстандағы келесідей елеулі акцияларды атап көрсетіп отыр, атап айтсақ, БҰҰ эгидасы бойынша өткен, «Әйелдерге қатысты зомбылықпен бірісе күресе отырып, жоямыз» атты БҰҰ

Бас хатшысы Ги Муна бастаған кампания, БҰҰ Әйелдер Қоры бастаған «Әйелдерге қатысты зомбылыққа Жоқ деңіз» атты кампаниясын 70 елдің ішіндегі 60 ел және 600 парламенттіктілер қолдаған және оның негізінде UNIFEM-нің ерікті Елшісі Николь Кидман болды. Әйелдерге қатысты зомбылық мәселесімен күресуге әлемдік қауымдастықтың назарларын аудару мақсатында «гендерлік зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы шектен тыс қалғанжоқ.

Жыл сайын UNIFEM ТМД елдердің азаматтық сектордың және үкіметтен келіп түскен зомбылыққа қарсы заңдарды әзірлеу, ұлттық бағдарламалар мен саясаттарды жүзеге асыру, жұмыла кіріскен құрылымдарды оқутыға ықпал ету, ақпараттық ағартушылық кампанияларды өткізу бойынша инициативаларын қолдайды. Ол сонымен қатар БҰҰ Трасттық Қорымен де бірге жүзеге асырылады.

Алматы қаласында, UNIFEM, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының «Алматы – қауіпсіз қала» атты кампанияны жүзеге асырмақшы. Қоғамдық орындардағы әйелдерге қатысты зомбылықтың өсуіне орай, бұл жоба Алматы қаласындағы қоғамдық орындардағы және көшедегі зомбылық мәселесін шешуге бағытталған. Аталған жобаның мақсаты жергілікті билік, азаматтық қоғам, құқық қорғау органдары, медициналық және білім беру мекемелерін, БАҚ және жергілікті азаматтарын қоғамдық жерлердегі әйелдерге қатысты зомбылықты болдырмау бойынша әрекеттерін біріктіру.

БҰҰ-ның Әйелдер Қоры Қазақстан Республикасының әйелдерге қатысты зомбылықты болдырмау бағытында жасап жатқан жұмыстарына үміт артады және де осы мәселенің түбегейлі шешілуі үшін заңды және институционалды шаралар қолданады. БҰҰ-ның Әйелдер Қоры өз тарапынан осы үрдісті халықаралық сараптамадан және техникалық қолдау көрсетеді.

Біздің ойымша, аталған конференция үйішілік зомбылық туралы заң жобасындағы қажетті әрекеттерді әзірлеуде тиімді болатынына сенімді.

Қазақстандағы зомбылықты қақпайлау саласындағы ҚР ІІМ-нің саясаты. Әйелдерді зомбылықтан қорғау саясатының он жылдық қызмет анализі

Мәншүк Сеилханқызы Калигожина
полиция подполковнигі,
ҚР ІІМ әкімшілік полиция Комитетінің
профилактикалық әрекеттер Басқармасының

зомбылықтан әйелдерді қорғау ісі жөніндегі
ішкі істер органдардың жұмыстарын ұйымдастыру
бөлімінің бастығы

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған күннен бастап адам құқығы мен бостандығын қадағалайтын әлемдік қауымдастықтың негізгі принциптеріне қосылғандығын жариялады.

Ел президенті Қазақстан халқына Жолдауында әйелдерге қатысты зомбылықпен күресу мәселесі демократизацияның негізін құрайтын бөліктердің бірі деп атап өткен болатын. Ел Президенті қоғамның өркениеттілігі әйелдерге қатысты қатынасына байланысты делінген. Және де әйелдерге қатысты зомбылықпен қатаң күресуді талап етіп, осы қылмысқа қатысты жазалау шараларын қолдану қажет деп бекітті.

«Әйелдерге қатысты зомбылықты жою туралы» Декларацияға сәйкес «әйелдерге қарсы зомбылық» терминінің астарында жынысына қатысты кез келген зомбылық түсіндіріледі, сонымен қатар өзімен бірге денесіне зақым келтіретін, жыныстық қатынасқа еріксіз еліктірілетін, психологиялық зақым келтіретін жағдайлар қарастырлады. Бұл жерге адамның жеке өміріне қол сұғушылық, оны бас бостандығынан заңсыз айыруға қатысты істер кіреді.

Қазақстан Республикасы әйелдер мен балаларға қатысты барлық халықаралық конвенцияларға қосылды.

Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі басқа да мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен біріге отырып, осы аталған саясатты жүзеге асыру бойынша мақсатқа бағытталған жұмыстарды жүзеге асыруда.

Бұндай тәжірбиелі істердің бірі, 1999 жылы құрылған зомбылықтан әйелдерді қорғау бойынша аудандық, қалалық ішкі істер органдарының бөлімшілері.

Қазіргі таңда жоғары аталған бөлімшелерге арызданып келсе, білікті мамандардың кеңестерін алуға болады, және де аймақтық әйелдерге арналған құқықтық және психологиялық көмекті және уақытша баспананы алуға аймақтық Дағдарыстық Орталыққа бағыт-бағдар берілуге ықпал етіледі.

Айта кететін, жайт, Қазақстан – Кеңестік заманнан кейінгі аталған бөлішелері бар ең алғашқы және жалғыз мемлекет болып саналады.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға

бірдей Декларация мен Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою туралы Конвенция, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасы ның «Неке және отбасы туралы» кодексі, қылмыстық және әкімшілік заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің негізгі міндеттері болып: әйелдердің конституциялық құқықтырын, еркіндіктерін және заңды мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылардан қорғауды қамтамасыз ету; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту және олардың жолын кесу мәселелерінде ішкі істер органдарының қызметін үйлестіру; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық түрлеріне, нысандарына және әдістеріне, сондай-ақ олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен шарттарға аналитикалық зерттеулер жүргізу; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту және оның жолын кесу мәселелері бойынша тұрғындарға көмек көрсету болып табылады.

Қазіргі таңда республика бойынша әйелдерді зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер 126 адамды құрайды. Жұмыс жасау тәжірбиелері кем дегенде 3 жыл.

Аталған бөлімшелердің қызметкерлері прокуратура, білім департаменттері және денсаулық сақтау департаменттері, үкіметтік емес ұйымдармен, дағдарыстық орталықтарымен тығыз қарым қатынаста жұмыс істейді.

Қазіргі таңда елімізде 25 дағдарыстық орталықтар бар, оның негізгі бағыттары зомбылықтан әйелдер мен балалрды қорғаумен айналысады. Сонымен қатар олар да құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста.

Әйелдерді зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлері дағдарыстық орталықтардың қармағындағы әйелдер мен балаларды зомбылықтан қлрғауға, алдын алуға бағытталған сенім телефондарының әрекеттерін жүзеге асыруда қатысуларына құқықтары бар. Бұл жерде негізгі назарды әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыстың алдын алу, заң алдында құқықтарын қорғау, оларды қорғау жөнінде өткізілетін ақпараттық кампаниялар жұмысы ерекше назарда.

Әйелдердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі шаралар уралы сөз қозғасақ, Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі басқа да мемлекеттік ведомствалармен, халықаралық ұйымдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, сол құжатты жүзеге асыру бойынша нормативті

құқықтық және ұйымдасқан тәжірбиелік шаралар қолдануда, соны жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылы 29 маусымда «**2006 - 2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік Стратегиясын ж‰зеге асыру жөніндегі 2006 - 2008 жылдардың шаралардың Жоспары жөніндегі**» № 600 Қаулысы ҚР ІІМ әйелдерге қатысты жасалынған қылмыстардың өсуіндегі қателіктерге бағытталған ұйымдастырылған жұмыстар анықталынды.

Ішкі істер органдарының қызметі мен бөлімшелерінің әрекеттерін үйлестіру және гендерлік сұрақтарды жүзеге асыруда әкімшілік полиция Комитетінің төрағасының орынбасары жауапты ретінде тағайындалды.

Сондай бір факторлардың бірі азаматтар мен адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету жолындағы құқықтық саланы құрудағы ҚР ІІМ қатысуы болды.

Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар жетілдірілді. Қазақстан Республикасының Үкіметінің заң жобаларының жұмыстарын іске асыру Жоспарының 29 пунктіне сәйкес, 2007 жылы 2 ақпанда №78 Қаулысына және қойылған міндеттерді орындау Жоспарының 25 пунктіне сай, Қазақстан әйелдерінің 4 Форумындағы Қазақстан Республикасының Президентінің қаулысына, 2004 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Премьер Министрдің тағайындалуымен «Тұрмыстық зомбылыққа қарсы әрекет ету туралы» Заң жобасы әзірленді, және де бұл Заң жобасы Парламент Мәжілісінде қарастырылды (*23.11.2007 жылғы Үкіметтің №1126 Қаулысы*). Заң жобасының негізгі мақсаттары:

- адамның қызығушылығын, бостандығын, заңды құқықтарын қорғауға кепілдеме беруді көтермелеу;
- отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықты төмендету жөнінде тиімді шаралар қабылдау;

Сонымен заң жобасы келесідей ұсыныстар қарастырады:

- тұрмыстық зомбылыққа қарсы күресетін субъектілер қатарын көбейту (ішкі істер органдарынан басқа жергілікті билік органдары, отбасы және гендерлік саясат жөніндегі комиссия, білім органы және т.б. ұйымдардың жұмыстарын ескеру);
- тұрмыстық зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсететін коммерциялық емес ұйымдарың құқықтық дәрежені анықтау;
- ұрмыстық зомбылықтың алдын алудың көп деңгейлі жүйесін жүргізу;

Бұл заң жобасы аталған мәселені шешуде әйелдердің өздерін, қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік құрылымның, білім және ғылым саласының жұмысшыларын еліктіру мақсатында жүзеге аспақ. Сонымен қатар тәжірбиеден алынған дағдыларды, тәжірбиелік ұсыныстарды есепке ала отырып республиканың барлық аймақтарының жағдайларын ескере отырып, ортаға салу.

Аталған заңды қабылдау отбасылық тұрмыстық қатынастардағы азаматтардың қызығушылықтарын және бостандықтарын, құқықтарын қорғаудағы тиімділікті арттыру, осы саладағы құқықбұзушылықтың деңгейін төмендету.

2007 жылдың мамыр айында еліміздегі құқықты қолданылатын тәжірбиені зерттеу негізінде, тұрмыстық зомбылық сұрақтары жөнінде заң актілерін қарастыру мақсатында ішкі істер министрлігінің қызметкерлері Украин Республикасына тәжірбие алмастырып келді.

Аталған тәжірбиенің нәтижелері «Тұрмыстық зомбылықты болдырмау туралы» Заң жобасын әзірлеуде қолданылды. Сонымен қатар 2008 жылдың 1 қаңтарында отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы қарама - қайшы әрекеттерге қарсы жауапкершіліктерді қарастыратын әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте жаңа норма қабылданды. (статья 79-5).

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтарды ескерту және балалар қылмысының алдын алу мақсатында Министрлік заң дайындау үстінде. Бұл Заңда кәмелетке толмағандардың көңіл көтеретін ойын - сауық мекемелерге тыйым салатыны, сонымен қатар әке - шешесіз немесе ересек адамдарсыз түңгі уақытта қоғамдық тамақтану орталықтарына баруға шектеу қойылғандығы енгізілген.

Ішкі істер органдардары заңды теория жағынан дамытумен қатар, тәжірбиелік шараларды да жүзеге асыруда.

Жоспарға сәйкестендіріле, республика территориясында ІІМ-нің оперативті алдын алу шараларын жүргізуде, сонымен қатар «Тұрмыс» оперативті - профилактикалық шараларды да шектен тыс қалдырмауда, бұндай іс - шаралар тұрмыстық отбасылық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған.

Полицияның учаскілік инспекторлар, кәмелетке толмағандармен ісімен айналысатын инспекторлар әйелдерді зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің инспекторларымен бірге әлеуметтік риск туралы отбасылармен профилактикалық жұмыстарды үнемі жүргізуде, сонымен қатар әйелдер мен балаларға қатысты отбасылық тұрмыстық құқық бұзушылықты болдырмау бойынша оперативті - профилактикалқ және рейд шаралары жүргізіліп отырады.

Сонымен, соңғы үш жыл ішінде әйелдерге қатысты зомбылықпен байланысты қылмыстар төрт есе кеміген *(2005 жылы 41829 саны, 2008 жылы 28888 дейін қысқарған).*

Соңғы бес жыл ішінде әйелдердің құқықтарын кемсіту жөнінде 200 мың арыздар келіп түскен, 1100 факті бойынша қылмыстық істер қозғалды, 4700 әкімшілік тәртіп бойынша өтініштер түскен.

Тұтас алғанда, менің ойымша, әйелдердің өтініштерінің бұндай санға дейін көбеюі, олардың азаматтық қоға институттарына және құқық қорғау органдарына сенімділіктерінің артуын дәлелдейді. Олардың зомбылықпен күресуде тиімді шараларды қабылдау және көңіл аудару қажеттігі туындағанын көрсетеді.

Әйелдермен балаларға қатысты зомбылқтың алдын алу және құқық бқзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу болып табылады.

2008 жылы ішкі істер қызметкерлері тарапынан оқу орындарында 50 мыңға жуық кездесулер, 42 мыңға жуық құқықтық тақырыптағы дәрістер, бұқаралық ақпарат құралдарында, яғни, 579 радио және теледидар бойынша, 14244 лекциялар шыққан.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да қзығушылық танытқан ұйымдармен бірлесе отырып, Министрліктер 500 тарта дөңгелектер мен түрлі сұрақтар бойынша отырыстар ұйымдастырылады.

Отбасындағы зомбылықты жетілдіруге негіздейтін жағдайлар мен себептерді зеттеу мақсатында өткен жылы Қазақстан Республикасының барлық облыстарында ҚР ІІМ-нің Академиясымен біріге отырып, ішкі істер органдарының қызметкерлері, дағдарыстық орталықтар қызметкерлерімен, гендерлік саясат және отбасы істері жөніндегі Комиссиямен бірлесе отырып әлеуметтік зерттеулер жүргізілді. Барлығы 31160 адам қатысты.

Менің көзқарасымызға, бұл зерттеу аталған мәселені зерттеуде, оның алдын алуда ұсыныстар әзірлеуде, тұрмыстық зомбылықтың масштабын және табиғатын толығымен түсінуге мүмкіндіктер берді деп ойлаймын.

Бұл зерттеудің нәтижесінде оқу әдістемелік және аталған мәселені тәжірбиелік шешуде 5 басылымдар шығарылды:

1. Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы зомбылық. Әлеуметтік зерттеулер нәтижлер. Әдістемелік басылым.
2. Әйелдерге қатысты зомбылық. Тәжірбиелік басылым.

3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық және Құқық қорғау органдарының өкімшілік қызметі пәндерінен түсіндерме сөздік.

4. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу;

5. «Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын жою туралы» БҰҰ конференциясының материалдары. Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы зомбылықпен күресудегі мәселелер.

Зомбылықтың жәбірленушілерімен жұмыс жасайтын құқық қорғау, сот қызметкерлері және денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған 130 оқыту бағдарламалары жүзеге асырылды. Бұл оқыту бағдарламалары 13.12.2004 жылы №363-р Премьер министрдің тағайындалынған Жоспардың 29 пунктінде қарастырылған. Аталған оқыту бағдарламалар ішкі істер қызметкерлерінің құқықтық білімдерін көтермелеуге, зомбылықтың жәбірленушілерімен жұмыс жасауды ұйымдастыруға, сот үрдісіне қажетті құжаттарды рәсімдеуге үйретуге, соынмен қатар осы бағыттағы шетелдегі құқық қорғау органдары және әлеуметтік мекемелерінің бағыттарымен таныстыруға, тәжірбие алмастыруға бағытталған.

Барлық аймақтарда 2009 жылға арналған оқыту бағдарламаларын өткізу жоспарлары тағайындалды. Қазіргі таңда халықаралық ұйымдардың қатысуымен ІІМ-нің оқыту орталықтарында тренингтер және шетелде тәжірбие аламастыруда біліктіліктерді арттыру курстарын дайындау және өткізу жұмыстары жүргізілмек қолға алынды.

ІІМ-нің оқу мекемелерінде «Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындаы құқық бұзушылықты болдырмаудың криминологиялық аспектілері» «Отбасылық тұрмыстық саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы ІІБ-нің әрекеттері» сияқты арнайы курстар ұйымдастырылды. Тұрмыстағы құқық бұзушылық саласында полиция қызметкерлерінің бліктіліктерін көтермелеуде семинарлар мен тренингтерді өткізіп, ұйымдастыратын үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар маңызды рөл атқарады.

2008 жылы ІІМ-нің оқыту мекемелерінде аталған категориялар бойынша 509 қызметкерлер оқытылды.

Мамандардың біліктіліктерін көтермелеу саласында халықаралық серіктестік ерекше орын алады, сондықтан да көкейтесті сұрақтар бойынша халықаралық ұйымдармен өзара қарым қатынасты дамытуды ерекше қола алып отыр.

2008 жылы шетелде қазақстандық полиция қызметкерлері қатысқан тұрмыстық зомбылықтың жәбірленушісімен жұмыс жасау тақырыбында семинарлар мен тренингтер өткізілді.

Турция, Анкара қаласы, 2008 жылдың 17 -23 ақпанда «Адамдарды ұрлаумен күресу» семинар тренингі.

Белорусь Республикасы, 2008 жылдың 14-26 шілдеде «Адамдарды сатумен күресуге әрекет: жүйелік талдау, халықаралық серіктестік және құқықты қолдану тәжірбиесін жетілдіру жолдары»

Сонымен қатар, ІІМ-нің қызметкерлері ЕБҚҰ-ы (Европадағы бірлестік және қауіпсіздік жөніндегі Ұйымы) ұйымдастырған, сонымен қатар басқа да халықаралық ұйымдар ұйымдастырған халықаралық конференцияларға қатысты:

Астана қаласы, ЕБҚҰ Орталығы, 2008 жылдың 28-29 ақпаны «Әйелдердің құқықтарына мониторинг жүргізу»;

Кишинев қаласы (Молдова Республикасы) сол жылдың 8-15 наурызында өткен Евразиядағы балалар эксплуатацияларымен күресу» атты конференциясы;

Хельсинкте өткен 2008 жылдың 10-11 қркүйегінде адам саудасымен күресу сұрақтары бойынша ЕБҚҰ конференциясы

Медициналық және психологиялық көмек көрсету, сонымен қатар уақытша баспананы ұсынумен қамтамасыз ету. Соттың шешмінен кейін Отанына жәбірленушісі қайтарылған.

Қазақстанның халықаралық міндеттерінің орындалуына байланысты жергілікті заңдылықтарға өзгерістер енгіілген. Сонымен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне өзерістер енгізілді.

2.03.2006 жылы Қазақстан Республикасының «Адам саудасына қарсы әрекеттер ету сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының бірнеше заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Заңы қабылданды. Аталған заңның жүзеге асу саласы кеңейтілген, адам саудасын жүргізгендерге санкция мөлшері де өзгерген, бұл қылмысқа адамдарды эксплуатациялау мақсатындағы адамды сату, елден елге өткізу, алдау, арбаумен қатар, оларды келісім арқылы қолдан қолға өткізген үшін де жауапкершілікке тартылу қажеттігі де қарастырылған.

5.02.2008 жылы Үкімет басшысының тарапынан «1926 жылы 25 қыркүйекте құл туралы Конвенцияны, 1956 жылы 7 қыркүйекте құлдыққа ұқсас, адам сату институттары мен дәстүрлері туралы Қосымша Конвенцияны, 1953 жылы 7 желтоқсанда құлдар туралы Конвенцияға өзгерістер енгізу Хаттамасын ратификациялау туралы» Заңға қол қойылды.

4.06. 2008 жылы ІІМ заңдары өзірленді:

«Ұлтаралық ұйымдастырылған қылмысқа қарсы БҰҰ-ның Конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР № 40-IV Заңы;

«Ұлтаралық ұйымдастырылған қылымысқа қарсы БҰҰ-ның Конвенцияны толықтыратын мигранттарды заңсыз құрғақта, ауада, теңізде тасымалдауға қарсы хаттаманы ратификациялау туралы» ҚР № 38-IV Заңы;

«Ұлтаралық ұйымдастырылған қылымысқа қарсы БҰҰ-ның Конвенцияны толықтыратын әйелдер мен балаларды қатысты адам саудасының алдын алу туралы Хаттаманы ратификациялау»;

2008 жылы ІІМ-нің Қарағандылық заң институты мен Академиясының базасында шетел халықаралық құқық қорғау органдары мен халықаралық ұйымдардың қатысуымен, аталған тақырыпқа сай 135 ІІБ-нің қызметшілеріне 6 тренингтер өткізілді:

Қарағанды қаласы, ІІМ-нің Қарағанды заң институты (АҚШ Елшілігі) адам саудасымен күресу сұрақтары бойынша 5 тренинг өткізді;

8-14 желтоқсанда «Адам құқығы үшін Хартия» Қоғамдық Қордың әзірленуімен жанжалды шешу дағдыларына үйрету бойынша құқық қорғау органдарының өкілдерінің жұмыс қабілеттерін қалыптастыру бойынша тренинг өткізілді;

2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік Стратегиясын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жетілдіру мақсатында 2008 жылдың 12 мен 14 мамырда Павлодар қаласында Министрлікпен бірге, Павлодар облысының отбасы демографиялық саясаты және әйелдер істері жөніндегі комиссиямен бірге республикалық семинар өткізілді. Бұл семинарға мемлекеттік орган қызметкерлері және тұрмыстық зомбылықтан әйелдерді қорғаумен айналысатын ҮЕҰ-ның өкілдері, Президент тұсындағы отбасы демографиялық саясат және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссия өкілдері , сонымен қатар әкімшілік аппаратының қызметкерлері, психологтар, әлеуметтік жұмысшылар, мәдениет, білім ұйымдарының өкілдері, прокурорлар, соттар қатысты.

Семинар соңында «Зомбылықсыз өмір сүруге біз құқылымыз», «Қиын сәтте көмектесу» әдістемелік басылым және ақпараттық буклеттер әзірленіп, шығарылды.

24.06.2008 жылы Астанадағы ЕБҚҰ-ның Орталығымен бірге «Ішкі істер органдарының әрекеттерін жетілдіру: азаматтық қоғамның рөлі және демократиялық приципттер» тақырыпта халықаралық конференция өткізілді. Конференцияға мемлекеттік орган, Қазақстандағы ғылыми қауымдастықтың, қоғамдық қайраткерлер, Парламент депутттары, Елшілік өкілдері, халықаралық құқықтық ұйымның өкілдері қатысты.

2008 жылдың мамыр айында Алматы облысы Көкшетау қаласында

БҰҰ-нің Қорымен бірге халықтың жағдайы саласы бойынша Президент тұсындағы отбасы демографиялық саясат және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық Комиссиямен ұйымдастырылған отбасылық саясат бойынша жобалар жүзеге асырылды.

17.10.2008 жылы Алматы қаласында «Әйелдердің ақыл- ой еңбегінің Одағы» ҚҚ ҚР-ның ақпараттық және мәдениет Министрілігінің мемлекеттік тапсырыс саласында серіктестік жұмыстың нәтижесінде «Құқық қорғау орган қызметтерін дайындау және қоғамдық ұйымдармен келісім шарттарды орнату дайындаудығынадығ тәжірбиелік ұйымдастырылған шаралар» тақырыбында конференция өткізілді.

Сөз соңында, тұрмыстық зомбылықты түзету және ескерту, тыйым салу шаралармен жеңе алмайтындығын айтқым келеді.

Бұл жерде барлығымыз бірігіп, жұмыла бірігуіміз қажет. Яғни, құқық қорғау органдары, әлеуметтік қызметтер, соттар, дағдарыстық орталықтар, діни, қоғамдық құқық қорғау және үкіметтік емес ұйымдар бірігуі қажет.

Зомбылыққа ұшырағандарға, сондай әрекетке бейім адамдарға қажетті, олардың мінездерін психокоррекциялауға, кеңес беруге, ағартушылық бағытта дереу және ұзақ уақтылы көмектерді беру бағдарламасын өзіне енгізетін профилактикалық және тәрбиелік сипатты кешенді және жүйелі шаралар қажет.

Тұрмыстық зомбылықты болдырмау жөніндегі Қазақстан Республикасы Парламентінің заңи әрекеттері

Жакип Кажманұлы Асанов,
Қазақстан Республикасы парламентінің депутаты,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі соттық құқықтық реформалары және заңдылықтары жөнінідегі Комиеттің Мүшесі

Отандық заңдылықта, халықаралық келісім шартты есепке алмаса, жүзеге асырылып жатқан үш жүзден аса заңдар бар. Соның ішіндегі екі заң ғана құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Бұл аталған екі заңдар кәмелетке толмағандар және маскүнемділікпен, нашамен, токсикоманиямен айналысатын әрекеттер болып табылады. Ал қалған заңдар құқық бұзушылықтың алдын алумен, күресу саласын реттейтін бөлік болып табылады, бірақ та классикалық теория бойынша құқық бұзушылықтың

алдын алу кез келген өркениетті мемлекеттің кез келгенінде құқық қорғау органдарының алдын алуда ерекше рөлде болу қажет. Бірақ та шынайы өмірде, біз құқық қорғау органдарының қылмыстың істелінгенінен кейін істі бастайтынын байқаймыз. Оның өзіндік себептері бар, яғни, заңи «рекеттердің» жетіспеушілігі болып табылады.

Бұлардың барлығын ескере отырып, мемлекет бұл кезеңде құқық бұзушылармен күресу сұрақтарында өз хабардарлығын өзгертеді. Тұрмыстық зомбылықты болдырмау және құқық қорғаудың алын алу жөніндегі Парламент заң жобаларына Үкімет өз тарапынан оның алдын алуда тиімді жүйені құру мақсаты жүзеге асырылған. Сонымен, жақын уақытта бізді профилактикалық бағытта төрт заң өз әрекетін жүзеге асырмақ.

Тұрмыстық зомбылықпен күресу жөніндегі үкіметтік заң жобасын талқылау үрдісінде депуттар екінші қосымша заң болмаса, осы негізгі құжаттың жүзеге аспайтындығы жөнінде шешімге келді. Екінші заң жобасы қажет болды, соның негізінде әкімшілік, қылмыстық процесуалды кодекстерге және басқа да заңдарға толықтырулар енгізілді.

Егер де осы сұрақтар заңдылық деңгейінде шешілмесе, онда тұрмыстық зомбылықпен тиімді күресу өте қиынға соғады. Сондықтан да біз Үкіметте заң жобасын қайтара аламыз, бірақ та оның маңыздылығына, ҮЕҰ-ның өтініштерін есепке орай отырып, депуттар бірінші сессияның соңына таман Мәжілісте екінші заң жобасын әзірледі.

Жаңа Заң жобасын әзірлеуде біз үйішілік зомбылық жағдаяттарының барлық мүмкіндіктерін жан жақт қарастыра отырып, кез келген жағдаяттарына байланысты полиция және соттардың процесуалды әрекетерін тізіп шықты, ол құқық бұзушылыққа жауапкершілікті жүктеу шараларына, тұрмыстық зомбылық құрбандарына қауіпсіздік жағдайлар жасау шаралары қарастырылды.

Ондай жағдаяттардың саны төртеу.

Бірінші жағдаят. Тұрмыстық зомбылық қылмыстық іс болып табылады. Бұл қасақана адам денесіне жүйелі зомбылықты әрекет немесе ұрып соғу жолымен денесіне зақым келтіру немесе психологиялық зақым келтіру негізінде қасақана әрекет ету.

Іске асырылып жатқан Қылмыстық Кодекс және Құқық қорғау кодексі зомбылықшыны толығымен жауапкершілікке еліктіруде қылмыстық жауапкершілік жүктелетін барлық механизмдерді қарастырады. Бірақ та біздің байқауымызша, зомбылық көрсеткен зомбылықшы қамауға алынбайтын және зомбылыққа ұшырыған жәбірленушіге қауіп төндірген жағдайда болатынын байқап жүрміз. Аталған жаңа заң жоба-

сы арқылы біз істерді қозғайтын органдарға зомбылықшының қамауға алмаған кезінде де айыптау шаралары қолданылатын жағдай жасадық. Бірақ та бірқатар шектеулер бар: іздестіру, жәбірленушіге келіп тұру, телефондық келсім жүргізу, мүлікті тағайындау. Егер де ол осындай шектелерді бұзса, ол сот айыптауына дейін қамауға алынады.

Екінші жағдаят. Зомбылықшының әрекеті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде квалификацияланады. Бұл зардапқа әкелмейтін денеге әсер ету, кемсіту, сөзбен тиісу, үй тыныштығын бұзу, азаматтарды сыйламау, некелік отбасылық қатынастардағы құқық бұзушылық, жеке өміріне қол сұғу.

Депуттаттардың заң жобалары полиция қызметкерлеріне зомбылықшыны сот ісі қозғалға дейін әкімшілік қамауға алуға құқық береді. Яғни, зомбылыққа ұшыраған жәбірленушіге қауіпсіз жағдайлар жасалады деген сөз. Бұл шаралардың әрекеттерінің күші бар, және де басқа да шараларға қарағанда қаталдау, мысалы «уақытша ордер» көптеген еліміздің заңдылығында қолданылады.

Үшінші жағдаят. Зомбылықшы әрекетінен әкімшілік құқық бұзушылық белгілер де, болмаса қылмыстық істер де байқалмайды. Оның әрекеті жәбірленушінің денесіне зақым келтіруде ешқандай да зақым келтірмейді. Бірақ ол өзінің мінез - қылығымен жәбірленушінің өміріне қолайсыз жағдайлар жасайды. Жұмысына қайта қайта барып, телефонмен қайта қайта мазасын алып, артынан аңдып және т.б.

Полициялардың әрекетері қандай болмақ?

1) тұрмыстық зомбылықты екінші рет қайталамау туралы ресми түрде алғашқы ескерту жасайды;

2) жоғарыда аталған шараларды бұзған уақытта оның мінз қылығына ерекше талаптар қойып, салық салады (5 тен 7 АЕК). Бұл талаптар оның зомбылықтың жәбірленушісін аңдуды, оны телефон арқылы мазасын алуды, жәбірленушіге келмеуді, онымен басқа да байланыстар арқылы шыққпауға тыйым салады.

3) егер ол жоғарыда аталған шектеулерді орындамаса, ол басқа да баптар бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады (524 бап), ол сот шешімін орындамағаны үшін жауапқа тартылады (10 АЕК немесе 10 күнге жуық қамауға аланады);

4) егер де айыпталушы адам бұл жағдайда да сот шектеулерін орындаудан бас тартса, онда ол ҚК тің 362 бап бойынша қылмыстық іске тартылады, бұл жағдайда 200 АЕК дейін салық көбейеді, сонымен қатар 120 180 сағат көлемінде қоғамдық жұмысқа еліктіріледі, немесе 4 ай көлемінде қамауға алынады.

Төртінші жағдаят. Бұл жағдайда жәбірленуші сотқа өзі арыздаңады және өздігінен азаматтық сот өндірісі саласында айыпталушы жазалауда өздігінен жүгіреді.

Басқа жағдайдың болуы мүмкін емес. Сондықтан да біздің көзқарасыңызша тұрмыстық зомбылық сұрақтарындағы депуттаттық заң жобасы құқық қорғау әрекеттерімен байланысты барлық мәселелер қатарын шешеді.

Заңның спецификасы бізді тұрмыстық зомбылықты жасау оқиғасын дамытпау үшін түрлі варианттарды қолдануға болатынын міндеттейді, өйткені, біз қателіктер кеткен жағдайда ойламаған нәтижелерге әкеп соқтыратынын көруге болады.

Тұрмыстық зомбылықтың басқа да сұрақтары үкіметтік заң жобасы және басқа да заңдар негізінде шешілуі тиіс.

Қазіргі таңда үкіметтік заң жобасы депуттар тарапынан 70 пайызға дейін жаңартылды. Мысалы, денеге зақым келтіру, жыныстық, психологиялық және экономикалық зомбылықтарға ұйым берілді, профилактикалық есеп бер және профилакткалық бақылау салдары да қарастырылды.

Жаңа баптардың негізгі мазмұны – бесіншіде, тұрмыстық зомбылықтың алдын алу және болдырмауда барлық шараларды атап көрсетеді, олар мемлекеттік, сонымен қатар үкіметтік емес құрылымдармен қабылдануы мүмкін.

Ол қандай шаралар?

1) қиын жағдаяттарға тап болғандарға әлеуметтік арнайы қызметтерді ұсыну;

2) жағымсыз жағдайлармен профилактикалық жұмыс жасау;

3) азаматтық сот өндіру саласындағы құқықтарын қорғау;

4) мүлікті тәркілеу заматтық істер жөніндегі істерді қатамасыз ету шаралары, жауаптыға белгілі әрекеттерді жасауға тыйым салу;

5) тұрмыстық зомбылықты жасауға кедергі жасамау туралы ресми ескерту;

6) әкімшілік істер жөнінде әкімшілік ұстап өалы, жеткізу, медициналық хабардар ету, әкімшілік салық салу, әкімшілік қамауға алу;

7) денсаулық сақтаудың арнайы органдарындағы медициналық сипаттағы шаралар;

8) құқық бұзушылықтың мінезіне ерекше талаптар қою;

9) ішкі істер органдарының профиактикалық бақылау және профилактикалық есепке қою; 10) үйде қамауға алу және қамауғ мүлікті салықпен тәркілеу, уақытша қызметтен босату, тіркеуге алу ісі жөніндегі процессуалды жағдайға шаралар жасаау;

11) зомбылықты болдырмауда қолданылатын айыпталушыға қолданылатын жазаларға байланысты қорғалушының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мәліеттер туралы жәбірленушінің отбасыларының мүшелері, қылмыстық сот өндірудің қатысушылары, куәгерлерінің қауіпсіздіктеріне жағдай жасаудағы просесуалды шаралар қолдану;

12) жасаған қылмысына соттың шешімі бойынша жазалауды қолдану;

Бұл шаралардың барлығы тұрмыстық зомбылықпен күресуге шынайы жағдайлар жасайды.

Осы жылдың 5 қаңтарында көмек көрсету бойынша мемлекеттік ұйымдардың құрылуы туралы Үкіметтің жағымды келісім жағдайына біз қол жеткіздік.

Сонымен, екі заң жобалары бойынша жұмыстар мәжілістің пленарлы отырысында қарастырылып, оны әзірлеуде жұмыс топтары жұмыс жасалды.

Бірақ, үкімет 8 қаңтарда құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде екі жаңа заң жобасын әзірледі. Ол тұрмыстық зомбылық туралы заң жобаларының нормаларынсыз есеке алынып жасалған. Соның нәтижесінде, бұл құжаттар бір - бірімен кей жағдайларда бір - біріне қарама - қайшы, кейде бір - бірлерінің жағдайлары көшірілген. Аталған жағдаятты біз Мәжілістің Пленарлы отырысында талқыладық. Жоғары да аталған төр заң жобасы да бір бағытта, бір біріне қайшы келмей, жүзеге асырулу қажеттігі талқыланды.

Тұрмыстық зомбылық туралы заңның қазақстандық үлгісі көптеген мемлекеттердегі заңдармен салыстырғанда прогрессивті болатынына және адам құқығын қорғау істерінде пайдасы болатынына біз сенімдіміз.

Сол уақытта біз тұрмыстық зомбылық туралы екі заң жобасын жетілдіру жұмысымен айналыспақшымыз және қызығушылық танытқан құрылыммен біріге отырып талқылауға дайынбыз.

Оні бірнеше қарастыратын сұрақтары дискуссияны өткізуге ниет болады, соның негізінде олардың пікірінше біз оларды қарастыруға келеміз.

Парламент Депутаттары заң жобасын жетілдіруде ұсыныстар мен рекомендацияларды есепке алуда. Сонымен қатар біз заңды дайындауға қатысты сәйкестендірілген талаптарды түсінуіміз қажет. Яғни,

тұрмыстық зомбылықпен күресу сұрақтары бір емес бірнеше заң актілерінің айналысындағы, заң салаларының басқа да бөлімдерімен қадағаланбақшы.

Үкіметтік емес мекемелердің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресінің рөлі.

Зүлфия Мухамедбекқызы Байсақова,
Басқару төрағасы
«Дағдарыстық орталықтарының Одағы» Қазақстандағы ЗТБ

Қазақстанның 12 аймағындағы 14 ұйым кіретін «Қазақстандағы Дағдарыстық Орталықтар Одағы» Заңды тұлғалар бірлестігінің атынан шықты. Бұл ұйымның іс-әрекеттері қоғамдағы дискриминацияның барлық формаларын және гендерлік зомбылықты болдырмауға бағытталған. Зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсетуге арналған дағдарыстық орталықтар психологтар, әлеуметтік жұмысшылар, заңгерлер, педагогтар тарапынан берілетін кәсіби көмектердің шынайы қызмет көрсету бойынша біріккен әйелдер үкіметтік емес ұйымдардың инициативасы болып табылады.

Дағдарыстық орталықтардың бірігуі, жұмыс тәжірбиелерінің алмасуы, зомбылыққа қарсы күресетін ақпараттық кампанияларды жүргізу сияқты қызметтерді қоғамдағы гендерлік зомбылықты жоюда біз оны ортақ мақсатқа ала отырып, біздің жетістігіміздің негізі бола алатын даму ресурсының құндылығы ретінде қарастырыламыз.

Дағдарыстық орталықтар мемлекеттік жүйенің мекемесі немесе халықты әлеуметтік қамтамасыз етудің үкіметтік емес ұйымы болып табылады, бұл қызметтер қиын жағдаяттарда, денсаулықтарына болмаса рухани ішкі дүниесіне, нәтижесінде тұрмыстық зомбылыққа ұшыраған адамдарға әлеуметтік көмек көрсету үшін құрылған ұйымдар болып саналады[1].

Дағдарыстық орталық іс-әрекеттерінің бағыттары төмендегідей:

- Гендерлік зомбылықтың барлық типтері және сол мәселелер аясында туындаған сұрақтар жөнінде қоғамның хабардарлығын көтермелеу;
- Зомбылықтың барлық формаларынан әйелдерге көмек көрсету, қорғау және алдын алу жөнінде тиімді жүйені дамыту;

1 «Дағдарыс орталығындағы жағдай» ЗТБ «Дағдарыс орталығынын одағы» Қазақстанда, 2007 ж.

- Орталық клиенттерге қажетті заңгерлік, психологиялық, әлеуметтік қызметтер және бейімделу жағдайына байланысты уақытша баспананы ұсыну;
- Өздерінің мүмкіндіктеріне байланысты туындаған мәселелерін клиенттер шеше алу және өмірлік жағдаяттарға олардың жеңіл қарамауы жөнінде ішкі ресурстарды үйлестіре білуде оларды қолдау;
- Әлеуметтік көмекті қажетсінетін клиенттердің әлеуметтік патронажбен сүйемелдеу, уақытша баспа ұсыну, оңтайландыру бағдарламасынан өткізу, қолдау;
- Халықтың психологиялық мәдениеттілігін және тұрақтылығын көтермелеу, әсіресе, жеке тұлға аралық, отбасылық, ата - аналық қарым - қатынас саласында олардың тұрақтылығын көтермелеу;
- Клиенттерге өз отбасыларына өзара жағымды қарым - қатынасты және өзара сыйластық және жағымды микроклимат құру, конфликтіні және бақса да жұбайлар арасындағы қатынастарды және ішкі отбасылық қатынастарды болдырмау саласында оларға көмектесу;
